

один из них, лучше сказать пані посол. Но если мы обратимся к любой из онлайн-служб украинско-английского или англо-украинского перевода, единственный вариант перевода - Mrs. Ambassador [4].

Что касается вновь созданных украинских феминитивов согласно новой репродукции украинского правописания, такие слова, как політикиня, знатокиня, авторка, членкиня, міністерша, поліціантка, доцентка, и т. д. еще не имели аналогов даже в онлайн версиях украинско-английских словарей, не говоря о бумажных версиях, но это только вопрос времени.

Подводя итоги нашего исследования, мы хотели бы подчеркнуть, что сейчас переводчики с русского и с украинского на английский и наоборот должны уделить больше внимания гендерному аспекту перевода, которому не уделялось так много значения и не создавать гендерной асимметрии при разговоре о женщинах в английском языке.

Литература:

1. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: РПУ, 2004. – 252 с.
2. Guidelines on Gender-neutral Language. URL: <https://www.un.org/en/gender-inclusive-language/guidelines.shtml>
3. Oxford Dictionary. URL: <https://www.oed.com/>
4. Блог профессора Пономарева. URL: <https://www.bbc.co.uk/blogs/ukrainian/ponomarev/2011/05> (дата завершения: 05.02.2020).

Бағдаулетов Ж.Т., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті, Р-21 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші — фс.ғ.к., доцент Сағатова А.С.*)

РУХЫ БИІК ТАҒЫЛЫМ

Еліміз ұлан-ғайыр Ұлы Дала топырағынан нәр алған аса бай рухани тарихымен төл ұлттық болмысымызға негіз болған. Осындай шетсіз де шексіз далада халқымыздың рухани байланысы еш уақытта да үзілмеген. Оның бастауы алғы философиялық ой-санасымен тікелей байланысты. Бұл халқымыздың сан ғасырлар бойы қорланған даналығының қазіргі рухани жаңғыру жағдайында ұлттық келбетін тереңінен танытатын өзекті қырларының болашақ ұрпаққа берері мол. Рухани мұралардың қалыптасуы мен дамуын жаңаша саралап, зерделеуге мүмкіндік берілді, жаңа бағыт-бағдарлар, пайым-көзқарастар және тұжырымдарға жол ашылды.

Еліміздің рухани танымдарының бастауы, бұл – түркілік әлемінде жатыр. Түркілік дүниенің данышпан ғұламаларының сол заман шеңберінен асып, қазіргі уақытта мән-мазмұнының маңыздылығымен, тәлім-тәрбиелік бағдарымен таным көкжиегімізді жасампаздық тағылымдарға бастайды, жетелейді. Әрине, бұл тек халқымызға ғана тән рухани дәстүр екендігінде сөз жоқ.

Табиғат дүниесінің тума перзенттері бұл – көшпенділер. Қоршаған ортасын, тау-тасын, өзен-көлін, көгілдір аспанын, жасыл жайлауын, орман-тоғайын жырлағанда көркемдік шеберліктің үдесінен шығатын небір тамаша үлгілерін дүниеге әкелген поэзиялық ойлау мен көркемдік танымның күштілігін қазақтың көне жырлары толық айғақтайды. Қашанда объективті болмыс, суреткер (бұл жерде халық), творчестволық процесс, көркем туынды, рухани тұтынушы сияқты ұғымдар тұтастай көркемдік құбылыс жасайтын компоненттер. Образды таным дегеніміз – адамның ой-санасына дүниенің сәулеленуі. Сол себепті таным логикасы – дүние бейнеленуінің логикасы [1, 128 б.].

Соның нәтижесінде даналыққа ұмтылған, сөз қадірін ту еткен қазақ ойлау жүйесіне тән философиялық бейнелеу дәстүрі өз жалғастығын тапқан. Ол халқымызға тән өзіндік төл ұлттық болмысының басты ерекшелігі – көшпенділік дәстүріне, табиғат пен адамдар арасындағы үйлесімділікте, жарасымдылықта негізделуінде. Көшпелі ортада өздерінің өмір сүру тәртібіне бейімделген дүниетанымдық жүйесі қалыптасқан. Бұл түркілер дәстүрінен бастау алған кеңістік пен уақыт туралы түсініктер ерекше сипатта болғанын аңғартады.

Белгілі философ, мәдениеттанушы Қанат Нұрланова адам және әлем қатынасының терең тұжырымдық мәнін қазақтар «бұл дүние – біртұтас» деген көркемдік-образдық түрде көрсеткен дейді. Бұл жердегі біртұтастық қатынасы – дәстүрлі қазақ қоғамында басым түскен әлемге деген көзқарастар жүйесін, рухани көп-қырлы жан-жақтылық мәселесін ашуға мүмкіндік берген. Кеңістік пен уақыт жөніндегі түсінік, мысалы үшін, дәстүрлі қазақ мәдениетінде қалыптасқан әлем келбеті

кандай мүмкіндіктермен келістірілгендігін тануға мүмкіндік береді. Пайымдау, андау әлемге деген және әлеммен қарым-қатынасты қалыптастыру тәсілі ретінде қазақтың дәстүрлі әлемге қатынасы мәдениетінің негізінде жатыр. Әрі пайымдау ғаламның тұтас алғанда жақындауын ұғыну тәсілі бола отырып, кең мағынасында өмірге, болмысқа философиялық көзқарастың негізінде жатқан сапалық ерекшелігін ескеру маңызды. Қазақтарда адамға, табиғатқа, ғаламға қатынасының өмірлік мән-мазмұны «іштесу» ұғымымен тұжырымдалады. Пайымдау әлемге қатынас және әлеммен қатынасты қалыптастырудың дәстүрлі мәдениеті ретінде көп деңгейлі мазмұндылықты иеленеді. Ең алдымен оның табиғатпен, ғаламмен қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту тәсілі, әлемге қатынасы ретіндегі пайымдау туралы айтқан жөн, пайымдаудың өзіндік негізі, арқауы және мәнісі, әрі бір мезгілде оның нәтижесі – іштесу болып табылады. Іштесу қазақ тілінде оның түрлі деңгейін білдіреді: қарым-қатынас, келіп-кету, алыс-беріс, сіз-біздесу, араласу.

Іштесу – қарым-қатынас, жоғарыда келтірілген барлық мән-мазмұнды иеленеді, бірақ қатынас ұғымының анағұрлым терең мәнін қамтиды, оның жасырын ішкі, кейде тіпті айтып жеткізуге болмайтын сыртқары жан дүниесін жаулап, сырласушының құпиясына жетіп қалғандай күйді бастан кешеді. Алайда бұдан ұғымның әлемді танудағы жан-толғанысты, парасат деңгейі кемімейді. Сол себепті де бұндай қарым-қатынас – іштесу деп аталады, яғни жасырын бай ішкі жан дүниесі, рухани дүниесімен іштей сырласу. Бірақ мұндай қарым-қатынас дәрежесі үшін өзара ашықтық, шынайы өзара жайлылық, жүректің тулауы, өзара түсіністік және ешқашан таусылмайтын өзара білістік, яғни өзара қатынастың болуы шарт. Бұл пайымдаушылық қатынасы, яғни ғаламның шексіздігін ескере отырып адамды басып тастамайтын, өзін жайсыз сезінбейтін әлемге қатынас ретінде, соның негізінде табиғатпен, ғарышпен бірге дамуды бастан кешу, бұндай қатынас адамды жігерлендіреді, өмірлік күш-қуат және сезімталдықты күшейтіп, оның рухын, танымын биіктетеді, өзіне деген сенімділікті орнықтырады.

Көшпелі өмір аясын тыныстаған біртұтастық қатынасын басынан кешкен адам рухы таза, аңғал, кез келген қиыншылыққа төзімді, қайсарлы жауынгер, табиғаттың қандайда болсын кездейсоқ өзгерісіне әрқашанда дайын, табиғат құшағында еркіндікте үнемі қозғалыста болатындықтан олардың табиғатпен адам арасындағы сыйластық қатынасы біртіндеп адам мен адамның қатынасына ұласқан. Көшпелілер осы өмір тынысымен үйлесімде бола отырып, өзіндік тұрмыс-тіршілік негізін қалыптастырған, соның нәтижесінде қайталанбас тұлғасы, мінезі, дүниені қабылдау, мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрпы, адамгершілік құндылықтарының негізін қалап, тарихта адамзат өркениетінің арқауы ретіндегі орны ерекше.

Тарихтың терең қатпарларындағы дүниетанымдық иірімдердің мән-мазмұнын түсіну, өз кезегінде, ежелгі дүниедегі рухани мұрадан даналықты іздеудің көрінісі. Жалпы рухани мұраларды жаңғырту мақсаты, біріншіден, ұлттың өзіндік келбетін танытатын ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрді құрметтеуге насихаттаса; екіншіден, туған еліне, «кіндік қаны тамған туған жеріне» деген адамның отансүйгіштік қадір-қасиетін тереңдетеді, арттырады, шындаса керек; үшіншіден, Ұлы Дала рухының күдіреті өз перзенттерін биік белестерге, үлкен жеңістерге, жасампаздықтарға бастаса керекті.

Көріп отырғанымыздай, ел тарихында ерлігімен, елге сіңірген еңбегімен, ерекше адамгершілік қасиетімен халыққа қалаулы болған, ұлттық дәстүрді сақтаушы, жалғастырушы алыптар өткен. Мұндай асыл қасиеттерін олардың ақыл-ой, адамгершілігі, қайрат-жігері мен қайсарлығынан, қайран қалдыратын таудай биік тұлғасынан, шеті-шегі жырақ мекен-тұрағынан, салт-дәстүрінен, өмір тәжірибесінен түйген тәлімді сөздерінен көреміз. Жалпы қазақ рухани мәдениетінің інжу-маржаны болған халық ауызекі шығармашылығы жанрларынан бастап «сауықтама, сарындама, ертегі, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме, мысал, ділмар сөз, тақпақ, мақал, мәтел, тойбастар, жар-жар, беташар, жоқтау, жарапазан, бата». (Бұл Ахмет Байтұрсынов көрсеткен қазақ халқының ауыз әдебиеті жанрларының түрлері негізінде алынған), кейінгі жалғастырушы аға буын өкілдеріне де қатысты. Міне, осындай туындылардың «керемет таңғажайып» құбылыс ретінде маңыздылығын танытушы ол – сөз және әрі жеткізуші «образды, бейнелі, мәнерлі, нұрдай таза, мөлдір тіл». Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп: «Тіл – ой маржаны... Арман – сөздің қаймағы, нәр-тұзы. Қиял – өмірдің гүлі, әдеміліктің мәйегі, – деп орынды айтқан».

Өз кезегінде, сөз бен тілдің күші мен күдіретіне айрықша мән бере отырып, осындай бағытта мәселелерді саралау, зерделеу, пайымдау барысында қисапсыз жаңа қарқынды мағлұматтар, өзгеше жаңалықтар туып отырған. Сондай тың идеяның бірін Ахмет Байтұрсыновтың ой-пікірінен топшылаймыз: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға, 2. Қиялға, 3. Көңілге. Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни

ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, суреттеп ойлау, көңіл ісі – тую, толғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша айтуға жарау» [2, 141].

Энциклопедист-ғалым әрі сөздің түп-төркініне қатысты беймәлім түсінік-ұғымдардың мән-мағынасын да өте жарқыратып ашып көрсеткен: қара сөз, өлең сөз, көсем сөз, дарынды сөз. Соған қарағанда қазақ халқының рухани мәдениетінің ең басты құралы, адамның сана-сезіміне, ішкі жан дүниесіне тебіреністі әсер беретін күш-қуатының бастауында сөз – оны жеткізудегі образдық-метафора жүйесіндегі мағыналық аясын, көркемдік әлемін тереңінен ашып көрсететін ақыл-оймен астасқан тілдің қызметіне қалайша таң қалмассыз. Тағы бір қайталанбас колориті, яғни айқын көрінісі ондағы сөз «бояулары мен түстердің» бейнелілік суреттеудің құбылып өзара үйлесуі. Бұл жерде бір филология ғылымына бет бұрған әрекет па екен деген түсінік қалыптаспауы керек. Себебі, бұл бейнелілік құралдар жүйесіндегі образдық суреттеу әдісі халықтың немесе халық өкілдерінің, бұл жерде дарынды тұлғалардың ұлттық дүниетанымды қоршаған табиғат дүниесі құбылыстары арқылы этикалық адамгершілік идеяларын философиялық-пайымдаушылық ізденістерімен тұтастықта рухани тәлімгерлік рөл атқаруында. Қазіргі жаһандану заманында еліміздегі рухани дағдарыс мәселесі күн тәртібіне шыққалы қай заман. Осындай адамның ішкі дүниесінде туындаған «рухани дағдарыстың» себебін әрқайсысымыз өзімізден іздегеніміз абзал. Біздің, қазіргі ұрпаққа тән қасиет кінәні өзінен емес сырттан, басқалардан іздестіру. Бұл өте жаңсақ әрекет. Сырт дүниеге кінә артпас бұрын, алдымен өзіңіздің іс-әрекетіңізге мән беріңіз. Ия, қазір білім мен техника үстемдік құрған уақыты. Білімді жастарымыз баршылық. Бірақ сол «білімге» материалдық жағдай өзінің басымдылығын көрсетіп тұр. Білімнің көзін іздестіруде біздер ең алдымен оның ішкі жан-дүниемізге беретін «шұғылалы сәулесін» емес, қай жағынан материалдық пайдасы басым түсетіндігіне ден қоямыз. Соған қарағанда, біздердің үміт-арманымыз, халық айтса қалт айтпайды дегендей, осы бабалар дәстүріндегі рухани мұраларды қолға алып, оқыса, білген - түйгендерімен жүрген орталарында бөліссе, шынымен адамның рухани азығына ұштаспайды емес пе...

Ал енді қазіргі уақыт талабына сай көзқарастар тұрғысынан саралайтын болсақ, орта буын өкілі ретінде ғарышкер, Қазақстан Республикасының халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ағамыздың пікірі болашақ көкірек көзі ояу ұрпаққа ой салатын мына бір әңгімесіне тоқталғанды жөн көріп отырмын. Ол өзінің ғарышқа сапар шеккен уақытындағы жердің көрінісіне, одан алыстаған сайынғы сәттерін өзінің ішкі жан дүниесі сезімдерімен бөліскен еді. Өзінің ғарышта жүрген кезіндегі Жер-Анаға деген сезімін әрбір адам баласының анасы әрқайсысына қандай керемет, ең сұлу, ең әдемі, ең мейірімді, ең қымбат, ең ақылды ретінде қалайша қабылдаймыз, дәл осылайша Жер-Анаға деген сезімнің де сондай керемет болатындығын өте терең мән-мазмұнда жеткізеді. Жер-Ананың құдіреттілігі соншалықты, ғарыштан қарағандағы бет-бейнесі, болмыстық дүниесінің көзге шалынатын кескін-кейпі, бейнесінің түрлі-түсті бояулары өмірде кездеспейтін сан алуан таңқаларлық ғажайып эстетикалық көркем ажарымен көрінетіндігін өте әдемі ішкі жан сезімімен бағамдағанын танимыз. Сонымен бірге, ғарышкер ағамыз адам баласының осы Жер-Анаға деген жағымсыз әрекеттерімен, надандығымен зардап тигізген жағдайды да өкінішпен атап көрсетеді.

Ал енді ғарыштан көп уақыт аралығынан соң оралған сәтін балалық шақта туған үйден тыс алысқа сапар шегіп, одан соң туған үйіңе келгендегі ішкі жан дүниесіндегі көңіл-күй құбылысымен салыстырмалы тұрғыда сипаттауы да өзінше бір ерекше. Ынтықтық, ғашықтық, құмартушылықпен бара-бар көңілдің нәзік толқынысы, елітіп, ләззатқа батыратын күйді бастан кешкенмен бірдей болса керек. Яғни, туған үйдің әрбір бұрышы ыстық ықылас сезімімен сағыныштың төрінен орын тепкен, жүректің лүпілімен бастан кешуді өте әсерлі, әдемі, бейнелі суреттеген ойымен бөліседі. Ағамыз ақын, жазушы, философ болмаса да, айтар ойының түп төркінінен оның табиғатынан тектілігі, асылдығы сезіледі. Бұл ойы оның туған жеріне, еліне, халқына деген құрметін білдіреді. Және жастарға берген тағы да бір ақыл кеңесі, ол – білім ешқашанда артық болмайды, оқыңыздар, тоқыңыздар, дамыңыздар деген еді. Демек, қазіргі қолға алынып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының алған бағыты, бағдары өте орынды [3, 378-379 бб.].

Болашаққа ұмтылыс мәні – ең алдымен бабалар тарихын білу, мән-мазмұнын түсініп, үйрену. Мұндай рухы биіктен көрінетін тағылымдық танымдардан - тарих қойнауынан елдікті ұлықтайтын дүниені табатындығы айдан анық.

Руханият тарихында жер тұтастығын сақтап қалған бабалардың ерлік пен даналық, батырлық рухтарын дәріптеп, өз еліне және өзгеге таныта білу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы демекпіз. Руханият тарихын зерттеудің өзегі бұл – дара бітімді тұлғалардың ел үшін саналы өмірін ұлтының азаттығын тіршілік аясының баяндылығына арнаған тағылымы және көзқарас мұраттарын айғақтайтын алтын арқау саналады. Демек, бабалар мұрасындағы тұлғалық ең құнды қасиеттері

олардың ақыл-ой тереңдігі, еркін ойлау қабілеті, сайып келгенде, оның рухына қатысты айқындалады.

Әдебиет:

1. Безклубенко С.Д. Грани творческого метода. – Киев, 1986. – 230 с.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 321 б.
3. Сағатова Ә.С. Рухани жаңғырумен болашаққа ұмтылыс // Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия народов Евразии: Материалы XVI международного Евразийского научного форума. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – С.373-379.

Байгазиева Н.А., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ГИ-13 тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, тарих магистрі Смағұлов Н.Б.)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – АЛАШ ОРДА ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ ҮКІМЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Ұлттық мемлекет құру Әлихан Бөкейхан басқарған қазақ зиялыларының түпкі және басты негізгі мақсаты болды.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (5 наурыз 1866, Қарқаралы уезі, Семей облысы, 27 қыркүйек 1937, Мәскеу) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Әлихан Бөкейханды 1917 жылы «Алаш» партия мен Алаш Орда үкіметін құру арқылы нақты мемлекеттік иденің негізін қалап, біртұтас алаш мұратын жүзеге асырғандығы үшін барлық қазақ бірауыздан «Алаштың Әлиханы», «Ұлт көсемі» деп таныды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев дәл тауып айтқанындай, қазақ қоғамының «Сун Ят Сені» мен «Махатма Гандиі» – Әлихан Бөкейхан болатын. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекеті 1905 жылы 1-ші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алды. Қазаққа бостандық пен саяси тәуелсіздік әперемін деген Алаш қозғалысының басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаевтар бастаған қайраткерлер тұрса, солардың ізін басқан – М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтер алаштың ұлы мақсаты мен идеясын одан әрі дамытты. «Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы (Қошке Кемеңгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан»[1], – деп жазды. XX ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы Қошмұхаммед Кемеңгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Совет өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылын осы Мәскеуде өткізіп, Кремльдің жіті бақылауында болған еді.

Әлихан Бөкейхан Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмады да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан Бөкейхан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі.

Алашорда үкіметінің тікелей өмірге келуіне себепші болған жағдай уақытша үкіметтің басқа ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді [2, 121 б.]. Осындай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің қойылуы – бірден-бір дұрыс шешім болып саналды. Орынборда шоғырланған қазақ зиялылары өзара кеңесіп кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім